

ЕР-АЗАМАТТАРДЫҢ ОРНЫН БАСАМЫЗ

Ұлы Отан соғысының екінші жылында қарағандылық комсомолецтер мен жастар майдан шебінде де, тылда да жанқиярлық ерлік пен батылдықтың, еңбектің үлгісін көрсетті. Өз тілек-өтінішімен соғысқа аттанғандар саны 5.327 адамға жетті. Туған жеріне, Отанына төнген қауіптің бетін қайтаруды басты мұрат тұтқан сол бір өрімдей жас жігіттердің ерен ерлігі жайында әскери командирлерден келген алғыс хаттар бүгінгі күні бұлтартпас дерек тұрғысындағы тарихи шежіре десек те болады. Өйткені жеті қат жер астынан көмір қазып, еңбекте шыңдалған, өмірдің ыстық-суығына әбден төселген оларға тек ерлік жасау ғана тән еді!.. Подполковник Липатоа облыстық комсомол комитетінің бұрынғы секретары туралы майданнан былай деп алғыс хат жолдады: «Сәрсенбек Қаңтарбеков Сталинград үшін шайқаста ерлік, табандылық және қайсарлық көрсетті. Сондай өрен қасиеті үшін ол жоғары өкімет наградасы — жауынгерлік Қызыл Ту орденімен наградталды...».

Облыстық комсомол ұйымы одақтық және республикалық органдардың директивалық нұсқауларын басшылыққа ала отырып, соғысқа аттанған ер-азаматтардың орнына жастар мен әйелдерді тартуда айтарлықтай ұйымдастыру жұмыстарына ұйтық бола алды. Осы жылы жер асты жұмыстарына 893, механизмдерге 261 комсомолец қамтылды. Сондай-ақ, осы жылдың өзінде Отанымыздың батысынан 11.018 адам эвакуацияланды. Соның 3.786-сы жастар болатын. Келе сала кен-шахта жұмыстарына етене араласып кеткен оларды, кәсіпке, мамандыққа баулуда да облыстық комсомол ұйымының ұйымдастырушылық жұмыстарының игі нәтижелер бергендігін баса айту керек. Бассейннің бес тресінде комсомол ұйымдарының белсене қатысуымен оқу-өндірістік комбинаттары, ал шахталарда 12 оқу пункті ашылды. Сонымен бірге Қарағандының басқа кәсіпорындарында да жаппай өндірістік оқу курстары жұмыс істей бастады. Осындай қысқа мерзімді курстар арқылы 40 мыңнан астам адам кәсіптік даярлықтан өткізілді. Осы жылдың өзінде 7.300 жас жұмысшы негізгі мамандық бойынша, оның ішінде 2 мың қайлашы, 533 бекітуші, 421 электр слесары даярланды.

Жас кеншілер өздеріне жүктелген үлкен жауапкершілікті жете сезініп, майдандағы жерлестері секілді өздерін де еңбек майданында көрсете алды. № 31 шахтада Кругловтың комсомол-жастар проhodкашылар бригадасы Қарағанды тарихында бұрынсоңды болмаған рекорд жасады: олар шілде айында 149 метр проходка жүргізіп, 16 метр штрек тұрғызды. № 20 шахтада Г. Степанов, Г. Гукта, К. Кормильцев және Н. Ветров төртеуі жиырма адамның орнына жұмыс істеп, күн сайын тапсырмаларын 480—500 процент орындап отырды. №1 шахтадағы Иманбаевтың бригадасы жоспардан тыс 72 вагонетка көмірді жер бетіне шығарса, Баймағамбетов сегіз сағаттың ішінде нормадағы 90 вагонетканың орнына 215 вагонетка итерді...

Бұл жылы да Қарағанды өнеркәсібінің негізгі салаларына өз тілектерімен келген қыз келіншектер аз болған жоқ. Москва автозаводы қыздарының «Комсомольская правда» газетінде соғысқа аттанған ер-азаматтардың орнын басу жөніндегі барлық әйелдерге, сіңділері мен құрбыларына арналған үндеуі қызу қолдау тапты. Екі айдың ішінде ғана 800-ге жуық қа-

рағандылық жас қыздар шахталарға келіп, қолдарына қайла мен күрек алды. Сөйтіп, Отанның көмірге деген қажетін қалайда өтеу үшін күн-түн демей жанқиярлықпен еңбек етті.

1941 жылғы желтоқсанның 31-інде «Комсомольская Правда» газетінде Горький автозаводындағы майдан бригадалары бригадирлерінің үндеуі жарияланды. Онда былай делінген болатын: «Комсомолецтер, өз кәсіпорындарында майдан бригадаларын құруға үндеу тастаймыз. Олар барлық жұмысшыларға үлгі болсын, олар соғыс кезінде қалай еңбек етуді көрсетсін!..».

Социалистік жарыстың жаңа түрі қарағандылық жастардың еңбекке деген ынта-жігерін шыңдай түсті. 1942 жылы бассейнде мұндай бригадалардың саны 64-ке жетті. Бір ғана «Карагандауголь» тресін де 29 майдан бригадасы құрылды. Олар бір жылдың ішінде ғана жоспардан тыс 20 мың тонна көмір өндірді. Осындай бригадалардағы жұмысшы жастардың еңбек өнімділігі шахталардағы орташа еңбек өнімділігінен 30—40 процент жоғары болды.

1942 жылғы тамыздың 13-інде Мемлекеттік қорғаныс комитеті «Қарағанды көмір бассейнінде көмір өндіруді арттыру жөніндегі шұғыл шаралар туралы» қаулы қабылдады, ал қыркүйектің 24-інде СКП(б) Орталық Комитеті «Көмір өндіруді арттыру міндетіне байланысты Қарағанды көмір бассейнінде партиялық жұмысты жақсарту жөніндегі шаралар туралы» мәселе қарады. Бұл документтерде Қарағанды көмір бассейнін одан әрі дамытудың және соғыс жағдайында көмір өндіруді күрт арттырудың негізгі бағыттары белгіленген болатын. Осындай жауапты да маңызды міндет межесінен көрінуге ұмтылған қарағандылық жастар өзара еңбек бөсекесін кеңінен өрістете түсті. Еліміздің әр түкпірінен кеншілер қатарын толықтыру мақсатында жастар ағылып келе бастады. Шахтерлердің мәдени-тұрмыстық жағдайын жақсарту тұрғысындағы жұмыстар да етек алды. Комсомол ұйымдары мемлекеттік маңызды тапсырманы табысты орындау үшін шахталарда комсомол постыларын құрды. Олар жоғарғы органдарға комсомолецтердің майданға қалай көмектесіп жатқандығы, қандай қиындықтар мен кемшіліктердің болғандығы, жастардың тыныс-тіршілігі жайында күн сайын хабарлап отырды.

Село комсомолецтері де қалалықтардан қалысқан жоқ. Олар әскери техника құрылысына, жау шапқыншылығына ұшыраған елді мекендерге қаржы жинап, көмек көрсетуде айтарлықтай ұйымшылдық көрсетті. Бір ғана 1942 жылы селолықтардың жеке қаржысынан «Қазақстан колхозшысы» танк колоннасын және «Советтік Қазақстан» авиақұрамасын жасақтауға 30 миллион сом қаржы, 40 мың пұт ауыл шаруашылығы өнімдері жиналды. Мұның өзі селолық жастардың Отанға деген патриоттық сезімдерін көрсетсе керек.

Ауыл-селоларда өз Отанын қорғауға аттанған ер-азаматтардың орнын жастар мен мектеп оқушылары басты. Олар қыстың қаһарлы суығы, мен жаздың аптап ыстығына қарамастан, мал басын аман сақтауда айтарлықтай еңбек сіңірді...

Соғыстың екінші жылындағы қарағандылық жастардың басты ұраны — ер-азаматтардың орнын басып, оларды жоқтатпау, сол арқылы Жеңіс күніне өздерінің лайықты үлестерін қосуға құштарлық қана болатын!..